

# АЙҚЫН

## ШАРЛАРДА ДА ШАРЛАР БАР...



Әлемде шар пішіндес құпиясы ашылмаған нәрсе көп. Шардың да түр-түрі бар. Тас шарлар, темір шарлар, отты шарлар...

1978 жылы Иркутск маңындағы тайгадан аңшылар қоңыр-сұр түсті темір шар тауып алады. Диаметрі 8 см, салмағы 1,5 келі болатын бұл темір шар орман арасына біреу қолмен әкеліп қоя салғандай жатыр екен. Ғарыштан түскен метеорит болса, жерге соғылып, ор секілді бір ізін қалдырар еді ғой. Ондай із байқалмайды. Сонымен, аңшылар тапқан бұл «метеорит» Иркутск университетінің астрономиялық обсерваториясына табыс етіледі. Ары қарай ғалымдардың басы қатады. Бұл зат жерде жасалған болса, оны кім жасаған және не үшін дегендей. Метеорит дейін десе, тас емес металл. Оның үстіне, тура мұндай шар тәріздес метеорит жерге түсіп көрмеген. Темір дейін десе, магнит тартпайды.

Оқымыстылар не де болса, бір бөлшегін алып, зерттеп көрмек болады. Кувал балға мен зубилаға мыңқ етпейді. Токқа қосылған қуатты араның да көмегі тимейді. Ең болмаса, бетіне бір сызат түсіре алмай қор болды бәрі. Қиналыс көпке созылып, әйтеуір зерттеуге татиды-ау деген ұп-ұсақ бөлшегіне зорға ие болады.

Ғалымдар зерттей келе, шардың титаннан жасалғанын, құрамында шамалы ванадий, алюмин мен хром бар екенін анықтайды. Егер метеорит болса, оның құрамы басқаша болар еді, оның үстіне доп сияқты доп-домалақ. «Аспан қонақтары» бұл пішіндес болмайды, сондықтан метеорит емес. Бірақ жерде жасалған деу тағы да мүмкін емес, әйтеуір ғарыштан түскен нәрсе, бірақ не екені белгісіз» дейді ғалымдар бірауыздан. Оқымыстылар АЭС-те қолданылатын атом реакторының немесе ғарыш аппаратының бөлшегі емес пе деп радиациясын зерттеп көргенде, қалыпты нормада болыпты. Ғарыш саласында титан құймалар пайдаланылғанмен, дәл мұндай шар тәріздес бөлшек АҚШ спутниктерінде де кездеспейтіні анықталыпты. Аса жоғары температурада да қыздырып көрді, ішін ашпады. Сыры сол бойы ашылмаған шар одан бергі қырық жыл бойы да құпиясын ашқан жоқ. Мұндай оқиғалар әлемнің басқа да елдерінде өткен ғасырлардың өзінде кездескен екен, ғалымдар қандай материалдан жасалғанына жауап таппай, қолдарын бір сілтеуге мәжбүр болыпты.

Планетамыздың жұмбағы саналатын мұндай тас шарлар жер шарының түпір-түкпірінде толып жатыр. Жунглиден табылған жүздеген тас шарлардың алыптарының диаметрі үш метрге, салмағы 16 тоннаға дейін жеткен. Кейбір шарлар тұзу немесе үшбұрыш сызықтың бойына адам қолымен қойылғандай тізілсе, кейбірі жұлдыздар шоғырын бейнелейді. Былай қарасаң, жер бетіндегі алып карта секілді. Тап бір өзге планетадан келетін өте жоғары дамыған өркениет иелеріне арналған картадай әсер береді. Мүмкін солай да шығар, кім біледі? Олардың бұл фигураларды қандай технологиямен дайындағаны жұмбақ. Мұның бәрін құс ұшатын биіктен ғана тамашалай аласыз.

Тас шарлар алысқа бармай-ақ, Қазақстанның өзінде де кездеседі. Мәселен, Маңғыстауда. Талай сарапшылардың басын қатырған құм шөгінділері мен саз балшықтан тұратын бұл тастардың қазақ даласында қайдан, қашан, қалай пайда болғаны жатқан жұмбақ. Мистика мен ұшатын табақшаларға сүйенбей айтсақ, ғалымдар бұл тас шарлардың есте жоқ ескі заманда осы шөл дала орнында болған теңіз түбіндегі бактериялардан түзілген болуы мүмкін дегенді айтады. Оған шардың ішкі қабатындағы ұсақ организмдердің қалдықтарын факті ретінде ұсынады. Мұхит балдырларының жұмырланып, кейде жағаға шығып қалатынын ескерсек, құлақ қоюға болатын әңгіме.

Адам таңғалатын темір шарларды Африкадағы рудниктерден шахтерлер де тауыпты. Олардың жасын ғалымдар 3 миллиард жыл деп ұйғарыпты. Яғни, әлі адамзатты айтпағанда, динозаврдың өзі пайда болмаған кезде бар болғаны. Сонда қазіргі станоктармен хас шебердің қолынан шыққандай оны миллиардтаған жыл бұрын осындай формаға келтіріп кім жасаған десейші,ә?! Осындай шахтадан табылған шарлардың бірі коллекционердің қолына түсіп, аукционда 75 мың долларға да сатылыпты. Темір шарды қойып, енді отты шарға көшейік. Жыл сайын күзде Таиланд пен Лаоста мыңдаған туристер мен буддаға құлшылық етушілер түнгі аспанда пайда болған отты шарларды тамашалайды. Тап бір мерекедегі қызылды-жасылды салют секілді. Бұл феноменнің сырын оқымыстылар ғылыми тілде түсіндіре алмай әлек. Діншілдер аспаннан түскен Будданың құрметіне осы мезгілде екі күн фестиваль өткізеді. Ал енді күн күркіреген кезде пайда болатын шар тәрізді найзағай құбылысынан аз да болса, хабарыңыз бар шығар. Домалақ найзағай жайындағы құбылысты аңғарғандардың әңгімесіне қарағанда, шар тәрізді найзағайдың үлкендігі кейде футбол добындай, ал кейде

одан да көлемдірек болады. Ауада мейлінше, баяу қозғалатын болғандықтан, ешбір құралсыз жай көзбен де көре аласыз. Кейде жарқыраған мұндай шар бір орында тоқтап тұрғандай болса, кейде әртүрлі жарылыстар тудырып, өзінен-өзі жоқ болып кетеді. Шар жылжып бара жатқанда ауада баяу ғана ысқырық үн естіледі. Сонымен, шардан аумайтын табиғаттың бұл таңғажайып құбылысы әлемнің әр түкпірінде де кездеседі дедік. Біреулер оны динозаврдың жұмыртқасы десе, біреулер ұшатын табақшадан қалған деседі. Әрине, ең алып динозаврдың өзі мұндай алып жұмыртқа таба алмасын бала да біледі. Ал ұшатын табақшаның жөні бөлек. Шар туралы айтқанда, ғарышкерлердің космостан көргендерін аттап кетуге болмайтын шығар. 1981 жылы Кеңес Одағының батыры, генерал-полковник Владимир Коваленок ғарышта ұшып жүріп, иллюминатордан түсініксіз объектіні көреді. Кенет үнсіз жарылыс болып, әлгі объект кәдімгі алтын түстес үлкен шарға айналады. Үш-төрт секундтан соң, әлгі шардан тағы бір алтын түстес алып шар пайда болады. Осындай күміс түстес түсініксіз шарды 1990 жылы ғарышкер Геннадий Стрекалов да көргенін айтады. Өкінішке қарай, шарды түсіріп алуға камерасы дайын болмапты. Шар тосыннан қалай пайда болса, солай көзден жылдам жоғалған. Бұдан кейін де осындай ғажайып шарларды ғарыш кораблінен тамашалағандар көп кездескен. Бұл да – табиғаттың құпия құбылысы. Ежелгі римдіктер хрусталь шарға қарап пал ашыпты. Мистиктер мен жұлдызшыларыңыз әлі күнге дейін хрусталь шардың магиясына сенеді.

Шар демекші, осы дөңгелек шар формасы несімен құдіретті деген де ой келеді. Жер – дөңгелек, аспанда Күн – дөңгелек. Тіршіліктің негізі – жұмыртқа да дөңгелек. Барлық аспан денелері дөңгелек. Керек болса, адамның басы да дөңгелек. Құдайлық күштер де шар тәріздес бейнеленеді. Мешіт күмбездері де. Сәбидің қолына қалам ұстатсаңыз, ол алдымен шеңбер сызады. Шар ешқашан құламайды, жантаймайды, қисаймайды. Айта берсе, шардың жұмбағы көп...

**Төреғали ТӘШЕН**